

"Прокуратура органдарына көлік қызметін көрсету үшін арнайы көлік құралдарының заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 14 шілдедегі № 124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2019 жылғы 28 қазандағы № 132 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 4 қарашада № 19549 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2022 жылғы 20 қыркүйектегі № 187 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 20.09.2022 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Прокуратура органдарына көлік қызметін көрсету үшін арнайы көлік құралдарының заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 14 шілдедегі № 124 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14138 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 8 қыркүйекте жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 69-бабының 2-тармағына, "Прокуратура туралы" 2017 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының б) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**".

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Қаржы департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бас Прокурор

Г. Нурдаулетов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі
2019 жылғы " __ " _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК